

**Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 1018 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 22 ақпанда № 13162 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 757 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 32 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 30.10.2018 № 757 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.10.2018 № 32 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

#### 1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес күзет қызметін мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін оның көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 465 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 556 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 29 шілдедегі № 11784 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Е.З. Тургумбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ М. Құсайынов

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика  
және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитетінің төрағасы  
\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2016 жылғы 6 қаңтардағы № 1  
және Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2015 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 1018 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

**Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) күзет қызметімен, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметімен және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне, оның салдарының ауырлық дәрежесі ескерілген, зиян келтіру ықтималдығы;

2) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты тексерілетін субъектілерді іріктеу үшін пайдаланылатын және жекелеген тексерілетін субъектіге тікелей тәуелді емес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты тексерілетін субъект қызметі нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

4) тәуекелдерді бағалау жүйесі – тексерістерді тағайындау мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені.

5) өрескел бұзушылықтар – заңнаманың тыйым салатын, шектейтін нормасын сақтамаумен (тыйым салынған, тыйым салынады, шектеулер, құқығы жоқ, мүмкін емес, жоқ, тиіс, тұрмайтын); мамандандырылған оқу орталықтарына және олардың филиалдарына қойылатын атыс қаруы бар болуы туралы заңнама талаптарын орындамаумен байланысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген бұзушылықтар; ішкі істер органдарының сұрау салуы бойынша есептерді, ақпараттарды ұсынбау немесе расталмаған ақпараттарды ұсыну, сондай-ақ тексерілетін субъекті жұмыскерінің, басшысының, құрылтайшысының немесе тексерілетін субъектінің өз кінәсінен пайда болған жағымсыз оқиғалардың болуы; расталған шағымдар мен өтініштердің болуы;

6) елеулі бұзушылықтар – тексерілетін субъектінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы, оларды жасау субъект көрсететін қызметтердің сапасына әсерін тигізбейді.

7) болмашы бұзушылықтар – тексерілетін субъектінің қызметтерді көрсетуге келісімшарттардың жазбаша нысанын жасасу бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында расталған тексерілетін субъект көрсетіп отырған қызметтер сапасының жағымсыз басылымдары мен жариялымдарының болуы.

3. Ішінара тексерістер үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы құрылады.

Объективті өлшемшарттарды белгілеу мынадай кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

1) тәуекелді белгілеу.

Тәуекелді белгілеу:

реттелетін салаға (ауданға) келтірілетін зиянның болжамды жағымсыз зардаптарының ауырлық масштабтарына;

адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне қатысты қолайсыз оқиғаның орын алуы мүмкіндігіне қарай жүзеге асырылады;

2) тексерілетін субъектілерді тәуекелдер дәрежелері (жоғарғы және жоғарыға жатпайтын) бойынша бөлу және ішінара тексерістер жүргізілетін тәуекел дәрежесін белгілеу арқылы жүзеге асырылады.

Субъективті өлшемшарттарды белгілеу мынадай:

- 1) деректер базасын құру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

## **2. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары**

4. Объективті өлшемшарттар бойынша тексерілетін субъектілер мынадай тәуекел дәрежесіне жатады:

тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне:

1) қызметтік қаруды пайдалана отырып, күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтар қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

2) екі жүз елуден астам жұмыскерлердің жылдық орташа санын құрайтын күзет қызметін, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсетуді, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтар қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

3) күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және біруақытта қызметтік қаруды пайдалана отырып, күзет қызметімен айналысатын заңды тұлғалар жатады;

тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатпайтын тексерілетін субъектілерге:

1) қызметтік қаруды пайдаланбай және екі жүз елуден төмен жұмыскерлердің жылдық орташа санын құрайтын тек күзет қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

2) екі жүз елуден төмен жұмыскерлердің жылдық орташа санын құрайтын тек күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар жатады.

Тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жататын тексерілетін субъектілерге қатысты ішінара тексерістер, жоспардан тыс тексерістер және бақылаудың өзге нысаны жүргізіледі.

Тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатпайтын тексерілетін субъектілерге қатысты жоспардан тыс тексерістер және бақылаудың өзге нысаны жүргізіледі.

### **3. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары**

5. Күзет қызметін жүзеге асыратын тексерілетін субъектілердің тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) тексерілетін субъект ұсынатын ақпараттарға, есептерге, мәліметтерге жүргізілген мониторинг және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралар нәтижелері;

2) алдыңғы тексеріс нәтижелері. Бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

3) тексерілетін субъектінің кінәсінен пайда болған жағымсыз оқиғалардың болуы. Жағымсыз оқиғаларға:

тексерілетін субъектінің жұмыскеріне, басшысына, құрылтайшысына (қатысушысына) немесе тексерілетін субъектінің өзіне қатысты қылмыстық және/немесе әкімшілік істі қозғау;

тексерілетін субъект күзететін объектіде күзетті қамтамасыз етумен (күзет қызметтерін көрсетумен) тікелей байланысты құқық бұзушылықты, төтенше жағдайды жасау;

қызметтік және азаматтық қаруды, арнайы құралдарды жою, жоғалту жатады;

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы;

5) бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдар мен жариялымдарды талдау пайдаланылады;

6. Жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының (бұдан әрі - МОО) қызметін жүзеге асыратын тексерілетін субъектілердің тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) тексерілетін субъект ұсынатын ақпараттарға, есептерге, мәліметтерге жүргізілген мониторинг және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралар нәтижелері;

2) алдыңғы тексеріс нәтижелері. Бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

3) тексерілетін субъектінің кінәсынан пайда болған жағымсыз оқиғалардың болуы. Жағымсыз оқиғаларға:

тексерілетін субъектінің жұмыскеріне, басшысына, құрылтайшысына ( қатысушысына) немесе тексерілетін субъектінің өзіне қатысты қылмыстық және/ немесе әкімшілік істі қозғау;

қызметтік және азаматтық қаруды, арнайы құралдарды жою, жоғалту жатады;

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы;

5) бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдар мен жариялымдарды талдау пайдаланылады.

7. Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тексерілетін субъектілердің тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері:

1) алдыңғы тексеріс нәтижелері. Бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

2) тексерілетін субъектінің кінәсынан пайда болған жағымсыз оқиғалардың болуы. Жағымсыз оқиғаларға: тексерілетін субъектінің жұмыскеріне, басшысына , құрылтайшысына (қатысушысына) немесе тексерілетін субъектінің өзіне қатысты қылмыстық және/немесе әкімшілік істі қозғау жатады;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдар мен жариялымдарды талдау;

5) құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралардың нәтижелері;

6) бақылаудың өзге нысандарының нәтижелері пайдаланылады. Бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді.

8. Қолдағы бар ақпарат көздерді негізінде субъективтік өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Бұзушылық дәрежесі субъективтік өлшемшарттарға ықтимал тәуекелге және проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың жекешелігіне немесе жүйелігіне, бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты беріледі.

Тәуекел дәрежесін бағалау кезінде қолданылатын субъективтік өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 1, 2 және 3-қосымшаларда келтірілген.

Бір өрескел бұзушылықты анықтаған кезде тексерілетін субъектіге 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші беріледі және оған қатысты ішінара тексеріс жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Орындалмаған көрсеткіштердің үлес салмағына елеулі көрсеткіштердің сомасын айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_3 = \left( \frac{\sum P_2 \times 100 / \sum P_1}{\right) \times 0,7$$

онда:

$UP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$UP_1$  – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

$UP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P_H = \left( \frac{\sum P_2 \times 100 / \sum P_1}{\right) \times 0,3$$

онда:

$P_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$P_1$  – болмашы бұзушылықтардың жалпы саны;

$P^2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (

$\sum$



P) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және төмендегі формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтар көрсеткіштерін қосу қосу арқылы белгіленеді:

$$P = \frac{\sum}{P_3} + \frac{\sum}{P_n}$$

онда:

$\sum$   
P – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum$   
P<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың саны;

$\sum$   
P<sub>n</sub> – болмашы бұзушылықтардың саны.

9. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект мыналарға жатады:

1) тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне - тәуекел дәрежесінің 60-тан 100-ге дейінгі көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінара тексеріс жүргізіледі;

2) тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатпайтын – дәреженің 0-ден 60-қа дейінгі көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінара тексеріс жүргізілмейді.

10. Ішінара тексерісті өткізу еселігі өткізілетін талдау және субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерді бағалау нәтижелері бойынша анықталады және жылына бір реттен жиі болмайды.

11. Ішінара тексерістер құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі уәкілетті органға тиісті есеп беру кезеңі басталардан күнтізбелік он бес күн бұрын жолданатын реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша жарты жылға құралатын ішінара тексерістер тізімдерінің негізінде жүргізіледі.

12. Ішінара тексерістер тізімі мыналарды:

1) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің анағұрлым жоғары көрсеткіштері бар тексерілетін субъектілердің басымдылығын;

2) тексерісті жүзеге асыратын мемлекеттік органның лауазымды адамдарының жүктемесін ескере отырып құралады.

Талдау және бағалау кезінде бұрын ескерілген және нақты тексерілетін субъектіге қатысты пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша

### Күзет қызметінің тәуекел дәрежесін бағалауға көрсеткіштер

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2017 № 112 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.03.2017 № 106 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| №   | Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттары  | Тәртіп бұзушылық дәрежесі |
|---|--|---------------------------|
| 1. Есептер мен мәліметтерге жүргізілген мониторинг нәтижелері |  |                           |
| 1   | Ақпарат, есептер, мәліметтер ұсыну туралы сұрау салуда белгіленген мерзімді бұзу   | Елеулі                    |
| 2   | Сұрау салуға сәйкес ақпараттарды, есептерді, мәліметтерді ұсынбау немесе расталмаған ақпараттарды, есептерді, мәліметтерді ұсыну   | Өрескел                   |
| 3   | Жеке күзет ұйымының (оның ішінде филиал мен өкілдік) басшысында жоғары заң білімінің немесе Қарулы Күштерде, басқа әскерлер мен әскери құралымдардағы командалық лауазымдарда немесе құқық қорғау және арнайы органдардағы басшылық лауазымдарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің болмауы | Елеулі                    |
| 4   | Жеке күзет ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайды   | Өрескел                   |
| 5   | Жеке күзет ұйымы басшысында арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өткендігі туралы куәліктің болмауы  | Елеулі                    |
| 6   | Жеке күзет ұйымы басшысында арнайы бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы куәліктің болмауы  | Елеулі                    |
| 7   | Жеке күзет ұйымының басшысында психикалық ауруы, маскүнемдік немесе нашақорлық бойынша денсаулық сақтау органдарының есебінде тұратынын фактісін растайтын құжаттың болуы  | Өрескел                   |
| 8   | Жеке күзет ұйымы басшысының қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар   | Өрескел                   |
| 9   | Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі   | Өрескел                   |

|    |  |         |
|----|--|---------|
|    | <p>өткенге дейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар жеке күзет ұйымының басшысы бола алады</p>   |         |
| 10 | <p>Жеке күзет ұйымының басшысы болып оларға қатысты басшы лауазымға қабылдағанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шыққан немесе басшы лауазымына қабылданғанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар бола алады</p>   | Өрескел |
| 11 | <p>Жеке күзет ұйымының басшысы жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген: террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау (149-бап); ұсақ бұзақылық (434-бап); елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану (436-бап); арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру (438-бап); сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат (439-бап); алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу (440-бап); қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау (443-бап); көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну (450-бап); бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (453-бап); мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау (462-бап); тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру (463-бап); лицензиялау нормаларын бұзу (464-бап); лицензияға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармау (467-бап); күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу (469-бап); Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу (470-бап); төтенше жағдай режимін бұзу (476-бап); терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында құқықтық режимді бұзу (477-бап); төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер (478-бап); құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау (479-бап); қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру (481-бап); жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы (482-бап); азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою, әкелу, әкету тәртібін бұзу (483-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу (484-бап); атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану (485-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу (қайта тіркеу) не оны есепке қою тәртібін бұзу (486-бап); азаматтық қаруды, оның патрондарын өткізу үшін тапсырудан жалтару (487-бап); Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу (488-бап); Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландыру (</p> | Өрескел |

|    |   |         |
|----|---|---------|
|    | 489-бап); Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу (490-бап); паспорттарды, жеке куәліктерді заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау (494-бап); жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну (495-бап); Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңнамасын бұзу (496-бап); мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеудегі белгіленген талаптарды бұзу (504-бап); күзетілетін объектілерге заңсыз кіру (506-бап); сотты құрметтемеушілік (653-бап); әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жауаптылығы (654-бап); куәнің айғақтар беруден бас тартуы немесе жалтаруы (658-бап); куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе көрінеу дұрыс емес аударма (659-бап); прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу (665-бап); прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіру (667-бап); сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау (669-бап); сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау (670-бап); сот орындаушысына атқарушылық құжаттарды орындауға кедергі келтіру (673-бап); айырым белгілері және (немесе) нышаны бар әскери киім нысанын, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті заңсыз киіп жүру (пайдалану) (675-бап) қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылған |         |
| 12 | Жеке күзет ұйымының басшысы кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жұмыстан босатылған  | Өрескел |
| 13 | Жеке күзет ұйымының басшысы кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан босатылған  | Өрескел |
| 14 | Жеке күзет ұйымының басшысы 19 жасқа толмаған   | Елеулі  |
| 15 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайды  | Өрескел |
| 16 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері 19 жасқа толмаған  | Елеулі  |
| 17 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерінде арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өткені туралы куәліктің болмауы  | Елеулі  |
| 18 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерінде арнайы бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы куәліктің болмауы   | Елеулі  |
| 19 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымы жұмыскерлерінің қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар  | Өрескел |
| 20 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері денсаулық жағдайы бойынша күзет қызметімен айналысуға жарамсыз  | Өрескел |
| 21 | Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері бола алады   | Өрескел |
| 22 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері болып оларға қатысты күзетші лауазымына қабылдағанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шыққан немесе басшы лауазымына қабылданғанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы  | Өрескел |

Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар бола алады

Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген: террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау (149-бап); ұсақ бұзақылық (434-бап); елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану (436-бап); арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру (438-бап); сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат (439-бап); алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу (440-бап); қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау (443-бап); көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну (450-бап); бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (453-бап); мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау (462-бап); тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру (463-бап); лицензиялау нормаларын бұзу (464-бап); лицензияға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармау (467-бап); күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу (469-бап); Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу (470-бап); төтенше жағдай режимін бұзу (476-бап); терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында құқықтық режимді бұзу (477-бап); төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер (478-бап); құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау (479-бап); қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру (481-бап); жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы (482-бап); азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою, әкелу, әкету тәртібін бұзу (483-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу (484-бап); атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жарاقات салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану (485-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу (қайта тіркеу) не оны есепке қою тәртібін бұзу (486-бап); азаматтық қаруды, оның патрондарын өткізу үшін тапсырудан жалтару (487-бап); Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу (488-бап); Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландыру (489-бап); Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу (490-бап); паспорттарды, жеке куәліктерді заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау (494-бап); жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын

23

Өрескел

|    |  |         |
|----|--|---------|
|    | <p>қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну (495-бап); Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңнамасын бұзу (496-бап); мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеудегі белгіленген талаптарды бұзу (504-бап); күзетілетін объектілерге заңсыз кіру (506-бап); сотты құрметтемеушілік (653-бап); әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жауаптылығы (654-бап); куәнің айғақтар беруден бас тартуы немесе жалтаруы (658-бап); куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе көрінеу дұрыс емес аударма (659-бап); прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу (665-бап); прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіру (667-бап); сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау (669-бап); сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау (670-бап); сот орындаушысына атқарушылық құжаттарды орындауға кедергі келтіру (673-бап); айырым белгілері және (немесе) нышаны бар әскери киім нысанын, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті заңсыз киіп жүру (пайдалану) (675-бап) қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылған</p> |         |
| 24 | <p>Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жұмыстан босатылған</p>  | Өрескел |
| 25 | <p>Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан босатылған</p>  | Өрескел |
| 26 | <p>Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлерінде олардың жеке басын және жеке күзет ұйымына қатыстылығын растайтын құжаттары жоқ</p>  | Елеулі  |
| 27 | <p>Күзетшілердің жеке басын және олардың жеке күзет ұйымына тиесілігін растайтын құжаттың "Жеке күзет ұйымдарының күзетші құжатының нысаны мен үлгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 140 бұйрығымен белгіленген келесі талаптарға сәйкес келмеуі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- куәліктің мұқабасы көк түсті теріден, лидериннен, винилді немесе белокроннан дайындалады;</li> <li>- куәліктің ашылған түрдегі мөлшері 210 х 70 мм. болады;</li> <li>- сыртында, бет жағында:</li> </ul> <p style="text-align: center;"><b>"КУӘЛІК</b> <span style="float: right;"><b>УДОСТОВЕРЕНИЕ</b>"</span></p> <p>деген жазу болады;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- куәліктің ішкі жағына ақ түсті жапсырма қағаз жапсырылады;</li> <li>- куәліктің жапсырмасы баспаханалық офсеттік тәсілмен орындалған;</li> <li>- куәліктің жапсырмасы әр қайсысы 95 х 65 мм. екі жартыдан - сол және оң бөліктен тұрады;</li> <li>- жапсырманың сол бөлігінде мөлшері 3,5 х 4,5 см. фото сурет жапсыруға арналған орын болады;</li> <li>- куәлікті дайындау кезінде мемлекеттік рәміздерді пайдалануға тыйым салынады (оның ішінде сутаңба белгілермен) куәліктердің саны және қорғалу дәрежесі Қазақстан Республикасы ПІМ-мен келісіледі</li> </ul>  | Елеулі  |
|    | <p>Жеке күзет ұйымы күзетшілерінің штат саны "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 сәуірдегі № 407 қаулысымен белгіленген келесі нормативтерге сәйкес келмейді:</p> <p>1) стационарлық объектілерді күзету кезінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бір тәуліктік күзет постына 4,5 күзетшісі аспайтын штат күзет бірлігі;</li> <li>- он екі сағаттық бір күзет постына 2,25-тен аспайтын штат күзет бірлігі;</li> <li>- сегіз сағаттық бір күзет постына 1,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;</li> </ul>  |         |

|    |  |         |
|----|--|---------|
| 28 | <p>- күзетілетін объектілерден түсетін шақыруларға қызмет көрсететін жеке күзет ұйымының бір тәуліктік ұтқыр тобына (жедел ден қою тобына) 13,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;</p> <p>2) магистральдық құбырларды күзету кезінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- айланып өтетін жолдарды, жер бедерінің күрделілігін, трасса жолының бойын, елді мекендерден алыстықты, желілік бөлігін техникалық құралдармен қорғауды, ауданға төнетін қауіп пен криминалдық қауіп-қатерді талдауды ескере отырып, магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің 40 - 80 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ;</li> <li>- күзетілетін магистральді газ құбырының желілік бөлігі трассасының 100 - 160 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ бекітілсін;</li> </ul> <p>3) темір жол және автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктерді күзету кезінде күзетшілердің саны стационарлық объектілерді күзету үшін орнатылған нормативтер шегінде шарт талаптарымен белгіленеді</p>   | Өрескел |
| 29 | Басшы және күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға жол берген  | Өрескел |
| 30 | Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2017 № 112 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.03.2017 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен  |         |
| 31 | <p>Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері Арнайы киімді киіп жүру келесі қағидаларын сақтамайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Күзетшілер, жүргізуші-күзетшілер арнайы киімді күзетілетін объектілерде, жүктерді алып жүру кезінде, жедел ден қоятын ұтқыр топтар құрамында қызмет өткеру кезінде к и е д і .</li> <li>2. Әйелдердің арнайы киімі тиісті киім пішімі ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы э с к и з б о й ы н ш а т і г і л е д і .</li> <li>3. Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау бойынша қызметтер көрсету күзет қызметі субъектісіне тиесілігін айқындайтын арнайы киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.</li> <li>4. Тараптардың келісуі бойынша күзет қызметін көрсету кеңсе үй-жайларына арналған арнайы киіммен жүзеге асырылады. Жазғы уақытта күртесіз, жеңі қысқа көйлекпен қызмет атқаруға жол беріледі. Күртенің (көйлектің) сол жақ төс қалтасында күзет ұйымының атауы жазылған және логотипі бар бейдж бекітіледі. Бейдждің ортасына " КҮЗЕТ" деген жазу жазылады. Күзетшінің тегін және аты-жөнін немесе атын көрсетуге б о л а д ы .</li> <li>5. Кеңсе үй-жайларын күзету бойынша қызмет көрсету бас киімсіз жүзеге асырылуы м ү м к і н .</li> <li>6. Сыртқы күзет орындарында қызмет өткеретін күзетшілер: <ul style="list-style-type: none"> <li>- қыс мезгілінде ауаның температурасы төмендеген кезде - тондар (ішіктер) және аң терісінен т і г і л г е н у н т ы л а р к и ю г е ;</li> <li>- арнайы киімнің (күртенің) кеудесіне және арқасына жарық шағылыстыратын жолақтар т а ғ у ғ а б о л а д ы .</li> </ul> </li> <li>7. Жазғы уақытта күртесіз қысқа жең жейде және галстук немесе жейденің орнына футболка, шалбар және күрте киюге болады</li> </ol> | Елеулі  |
|    | <p>Жеке күзет ұйымы күзетшілерінің "Жеке күзет ұйымдарының күзетші лауазымындағы қызметкерлерінің арнайы киім үлгілерін және оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы" Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 142 бұйрығымен белгіленген келесі талаптарға сәйкес келмейтін арнайы киімінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ж а з ғ ы а р н а й ы к и і м :</li> <li>- бейсболка немесе сұр түсті кепи;</li> <li>- с ұ р т ү с т і к ү р т е ;</li> <li>- сұр түсті қысқартылған күрте;</li> <li>- көгілдір немесе ақ түсті жейде;</li> <li>- көгілдір немесе ақ түсті трикотаж футболка;</li> <li>- с ұ р т ү с т і г а л с т у к ;</li> </ol>  |         |

- сұр түсті, бітімінің төменгі жағы тарылған шалбар;
- классикалық модельдегі немесе қара түсті арнайы аяқ киім.
- 2. Қысқы арнайы киім:
  - тоқылған, сұр немесе қара (жылы күртенің жағасымен түстес) түсті бөрік;
  - табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара (жылы; күртенің жағасымен түстес) түсті жасанды теріден жасалған құлақшын;
  - сұр түсті, табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара түсті жасанды теріден жасалған алынатын тері жағасы бар жылы күрте сұр түсті, жылы шалбарымен;
  - жылы, сұр түсті, қысқартылған, табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара түсті жасанды теріден жасалған алынатын тері жағасы бар күрте сұр түсті, жылы жартылай комбинезонымен;
  - көгілдір немесе ақ түсті жейде;
  - көгілдір немесе ақ түсті трикотаж футболка;
  - сұр түсті галстук;
  - классикалық модельдегі немесе арнайы қара түсті, жылы аяқ киім.
- 3. Кеңсе үй-жайларына арналған арнайы киім:
  - ерлерге арналған күңгірт түсті бір ілме өңірлі күрте;
  - төменгі жағы тарылтылған күңгірт түсті шалбар;
  - көгілдір немесе ақ түсті жейде;
  - күңгірт түсті галстук;
  - классикалық модельдегі қара түсті аяқ киім.
- 4. Омырау белгісі:
  - белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;
  - белгі негізінің түсі - сұр немесе көгілдір;
  - белгінің көлемі - 120x30 мм;
  - белгі жейделердің, жазғы және қысқы күртелердің сол жақ омырау қалтасының жоғары жағына тағылады;
  - белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.
- 5. Арқадағы белгі:
  - белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;
  - белгі жиегінің түсі - сұр немесе көгілдір;
  - белгінің көлемі - 280x80 мм;
  - белгі жазғы және қысқы күртелердің артқы жағына жапсырылады, белгінің жоғарғы жағы жауырын тігісі бойынша орналасады;
  - белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.
- 6. Жеңдегі белгі:
  - пішінін, түс гаммасын, материал және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;
  - белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;
  - белгі жейделердің, жазғы және қысқы күртелердің сол жеңінде иық тігісінен 120 мм төмен жапсырылады;
  - Қазақстан Республикасының Күзет ұйымдары қауымдастығы мүшелерінің қызметкерлері үшін корпоративтік белгісімен бірдей дайындалған Қауымдастықтың логотипі бар белгіні тағуға болады, Белгі жейденің, жазғы және қысқы күртелердің оң жеңіне, сол жеңдегі белгімен деңгейлес жапсырылады.
- 7. Бас киімдердегі белгілер:
  - тоқымашылық жолымен әзірленген белгілерде немесе тез балқығыш металдан жасалған кокардаларда күзет ұйымының корпоративтік логотипі болады;
  - сопақша белгінің көлемі - көлденеңінен 70 мм, тігінен 40 мм;
  - дөнгелек белгінің диаметрі - 40 мм;
  - кокарданың көлемі: биіктігі - 60 мм, ені - 40 мм;



|    |   |         |
|----|---|---------|
|    | <p>- белгілер бас киімнің алдыңғы бөлігінің ортасына жапсырылады.</p> <p>8. Кеңсе үй-жайларына арналған киімдегі белгілер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кеңсе үй-жайларына арналған киімнің жеңіне тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен белгі салынады және ол тозуға төзімді болуы тиіс;</li> <li>- пішінін, түс гаммасын, материалын және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;</li> <li>- белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;</li> <li>- белгі жейделердің және күртелердің сол жеңінде иық тігісінің 120 мм төмен жапсырылады</li> </ul>   |         |
| 33 | Ұлттық компанияның күзет ұйымына құрылтайшы құқығына болу Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін бақылауды жүзеге асыру жөнінде уәкілетті органның келісім-хаттың болмауы   | Өрескел |
| 34 | Ұлттық компаниялар құрылтайшысы болатын күзет ұйымдарының үшінші тұлғаларға күзет қызметтерін көрсету фактісінің болуы  | Өрескел |
| 35 | Заңды тұлғалардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының біруақытта біреуден аса күзет қызметімен айналысатын ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары және (немесе) меншік иелері болып табылады  | Өрескел |
| 36 | Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны болып табылады. Субъектінің құрылтайшысы (қатысушысы) үшін осы қызмет түрі – негізгі  | Өрескел |
| 37 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушылары) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін құрылтайшылар не болмаса ұйымның лауазымды адамдары болып табылмады   | Өрескел |
| 38 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар азаматтар, сондай-ақ құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамында көрсетілген адамдар бар заңды тұлғалар болып табылмады  | Өрескел |
| 39 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және олар аффилиирлеген заңды тұлғалар болып табылады  | Өрескел |
| 40 | Жеке күзет ұйымдарының құрылтайшылары (қатысушылары) қоғамдық бірлестіктер болып табылады   | Өрескел |
| 41 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары) шетелдік заңды тұлғалар, шетелдің қатысуымен заңды тұлғалар, шетелдіктер, сондай-ақ азаматтығы бар болса сенімгерлік басқаруында жеке күзет ұйымы бар адамдар болып табылады  | Өрескел |
|    | <p>Жеке күзет ұйымының қызметтік қаруды пайдаланатын жағдайда қару мен оның патрондарды сақтауға арналған үй-жайы не болмаса белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайларда оларды сақтауға арналған шарттың болмауы, ол мынадай талаптарға сай болады</p> <p>т и і с :</p> <p>1) басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшау болуы керек, қабырғалары қалың, төбе жабулары мен едені берік болуы тиіс. Ішкі қабырғалары (қоршаулары) беріктігі жағынан арасына болат тор өткізілген, әрқайсысының қалыңдығы 80 мм қосарланған гипсобетонды панельдерге немесе металл тормен арматураланған, қалыңдығы кемінде 120 мм кірпіш қабырғаға тең болуы керек. Бұрын салынған ғимараттарда болат торлармен күшейтілген тақтай қоршаулар жасауға рұқсат етіледі;</p> <p>2) екі есігі болуы керек, бұл ретте сыртқысы - қаңылтырдың шеттері есіктің жақтауына қайтарылып, екі жағы мырышты болат қаңылтырмен сомдалған, қалыңдығы кемінде 40 мм бір қабат тақтайдан, ал ішкісі - болат тордан жасалады. Сыртқы есік екі ішкі құлыппен жабылып, мөр немесе пломбы басылуы тиіс, ішкі торлы есік - ішкі немесе аспалы құлыппен жабылады.</p> <p>Қару-жарақ бөлмесі есігінің ойығы (есіктің қорабы) болат жиекпен жақтауланады. Бұрын салынған үй-жайларда көлемі 30x40 мм-ден, қалыңдығы 5 мм-ден кем болмайтын, қабырғаға диаметрі 10-12 мм арматуралы болат шегемен он жерден қағылған бұрыштама темірмен күшейтілген ағаш қораптарға рұқсат беріледі;</p> |         |

|  |   |         |
|--|---|---------|
| 42   | <p>3) үй-жайдың ішкі жағындағы терезе ойықтарында немесе жақтауларының арасында болат тор жүргізіледі. Бірінші қабатта орналасқан бөлмелерде терезелері ішкі жағынан металл немесе екі жағынан мырышты болатпен қапталған ағаш қақпақпен жабықталады. Торлардың ұшы қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке дейін қағылып және бетон құйып бекітіледі. Терезенің қақпақтары аспалы құлыппен жабылуы керек. Есік, терезе ойықтарына және қабырғаны нығайту үшін тартылатын торлар диаметрі кемінде 15 мм болат шыбықтан жасалады. Шыбықтардың тор көздері кемінде 150x150 мм-ден айқастырылып дәнекерленеді;</p> <p>4) екі және одан көп күзет-өрт белгі беру құралдарымен жабықталады, ол электр қуатымен қамтамасыз ету қалқанына жасырын сым тарту арқылы орындалады, терезелерге, есіктерге, люктерге, қабырғаларға, төбеге, еденге қару мен патрондар сақталатын сейфтерді, шкафтарды ашқанда немесе бұзғанда, сондай-ақ бөлменің ішінде адам жүргенде іске қосылатын хабарлағыштар орнатылады. Бұл үй-жайлар кезекші бөлімдеріндегі шығарылатын жұмыс орындары бар оператор-фирмалардың ішкі істер органдары күзет бөлімшелерінің күзетуіне беріліп, белгіленген тәртіппен белгі беру құралдарының орталықтандырылған бақылау пультіне қосылады. Күзету белгі беру құралдарының шлейфін темірбетонды және бетонды құрылыс конструкциялары бойынша тек қана бөлме ішінде құбырмен жүргізуге рұқсат етіледі;</p> <p>5) желдеткіш терезе, люк болған жағдайда, оларға бұл жүйелер арқылы өту мүмкіндігін болдырмайтын көлемі 100x100 мм-ден аспайтын тор көздері бар болат тор орнатылады. Инженерлік желілерді тартуға арналған қабырғалардағы тесіктердің диаметрі 200 мм-ден аспайтын керек;</p> <p>6) қару мен патрондар сақтайтын бөлмеде өртке қарсы құралдар, мүліктердің тізімдемесі болуы тиіс, онда шкафтардың, металл жәшіктердің саны, олардың нөмірлері және қандай мөр басылғаны көрсетіледі;</p> <p>7) қару мен оның патрондары бар қару-жарақ бөлмесі және металл шкафтар (сейфтер) кілттерінің екі жинағы болуы тиіс. Кілттердің бір жинағы қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі - атына сақтау рұқсаты берілген ұйым басшысының мөрленген сауытында ұдайы сақталады.</p> <p>Қару-жарақ бөлмесінің, қару мен патрондар бар металл шкафтардың, сейфтердің кілттерін столдарда және бөгде адамдардың қолы жететін өзге де жерлерде қалдыруға тыйым салынады.</p> | Өрескел |
| 43   | <p>Құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралардың барысында анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі</p>   | Өрескел |
| <p>2. Алдыңғы тексеріс нәтижелері (Бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді)</p> |   |         |
| 44   | <p>Жеке күзет ұйымының (оның ішінде филиал мен өкілдік) басшысында жоғары заң білімінің немесе Қарулы Күштерде, басқа әскерлер мен әскери құралымдардағы командалық лауазымдарда немесе құқық қорғау және арнайы органдардағы басшылық лауазымдарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы</p>   | Елеулі  |
| 45   | <p>Жеке күзет ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады</p>   | Өрескел |
| 46   | <p>Жеке күзет ұйымы басшысында арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өткендігі туралы куәліктің болуы</p>  | Елеулі  |
| 47   | <p>Жеке күзет ұйымы басшысында арнайы бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы куәліктің болуы</p>  | Елеулі  |
| 48   | <p>Жеке күзет ұйымының басшысында психикалық ауруы, маскүнемдік немесе нашақорлық бойынша денсаулық сақтау органдарының есебінде тұрмайтынын фактісін растайтын құжаттың болуы</p>  | Өрескел |
| 49   | <p>Жеке күзет ұйымы басшысының қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ</p>   | Өрескел |

|    |   |         |
|----|---|---------|
| 50 | Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар жеке күзет ұйымының басшысы бола алмайды  | Өрескел |
| 51 | Жеке күзет ұйымының басшысы болып оларға қатысты басшы лауазымға қабылдағанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шыққан немесе басшы лауазымына қабылданғанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар бола алмайды   | Өрескел |
| 52 | Жеке күзет ұйымының басшысы жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген: террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау (149-бап); ұсақ бұзақылық (434-бап); елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану (436-бап); арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру (438-бап); сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат (439-бап); алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу (440-бап); қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау (443-бап); көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну (450-бап); бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (453-бап); мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау (462-бап); тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру (463-бап); лицензиялау нормаларын бұзу (464-бап); лицензияға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармау (467-бап); күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу (469-бап); Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу (470-бап); төтенше жағдай режимін бұзу (476-бап); терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында құқықтық режимді бұзу (477-бап); төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер (478-бап); құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау (479-бап); қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру (481-бап); жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы (482-бап); азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою, әкелу, әкету тәртібін бұзу (483-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу (484-бап); атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану (485-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу (қайта тіркеу) не оны есепке қою тәртібін бұзу (486-бап); азаматтық қаруды, оның патрондарын өткізу үшін тапсырудан жалтару (487-бап); Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу (488-бап); Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу, сондай-ақ Қазақстан | Өрескел |

|    |  |         |
|----|--|---------|
|    | <p>Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландыру (489-бап); Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу (490-бап); паспорттарды, жеке куәліктерді заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау (494-бап); жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну (495-бап); Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңнамасын бұзу (496-бап); мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеудегі белгіленген талаптарды бұзу (504-бап); күзетілетін объектілерге заңсыз кіру (506-бап); сотты құрметтемеушілік (653-бап); әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жауаптылығы (654-бап); куәнің айғақтар беруден бас тартуы немесе жалғартуы (658-бап); куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе көрінеу дұрыс емес аударма (659-бап); прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу (665-бап); прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіру (667-бап); сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау (669-бап); сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау (670-бап); сот орындаушысына атқарушылық құжаттарды орындауға кедергі келтіру (673-бап); айырым белгілері және (немесе) нышаны бар әскери киім нысанын, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті заңсыз киіп жүру (пайдалану) (675-бап) қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған</p> |         |
| 53 | Жеке күзет ұйымының басшысы кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жұмыстан босатылмаған   | Өрескел |
| 54 | Жеке күзет ұйымының басшысы кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан босатылмаған   | Өрескел |
| 55 | Жеке күзет ұйымының басшысы 19 жасқа толған  | Елеулі  |
| 56 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады   | Өрескел |
| 57 | Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері 19 жасқа толған   | Елеулі  |
| 58 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерінде арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өткені туралы куәліктің болуы   | Елеулі  |
| 59 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерінде арнайы бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы куәліктің болуы  | Елеулі  |
| 60 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымы жұмыскерлерінің қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ   | Өрескел |
| 61 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері денсаулық жағдайы бойынша күзет қызметімен айналысуға жарамды  | Өрескел |
| 62 | Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері бола алмайды   | Өрескел |
|    | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері болып оларға қатысты күзетші лауазымына қабылдағанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық  |         |

|    |   |         |
|----|---|---------|
| 63 | <p>жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шыққан немесе басшы лауазымына қабылданғанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар бола алмайды</p>   | Өрескел |
| 64 | <p>Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген: террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау (149-бап); ұсақ бұзақылық (434-бап); елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану (436-бап); арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру (438-бап); сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат (439-бап); алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу (440-бап); қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау (443-бап); көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну (450-бап); бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (453-бап); мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау (462-бап); тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру (463-бап); лицензиялау нормаларын бұзу (464-бап); лицензияға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармау (467-бап); күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу (469-бап); Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу (470-бап); төтенше жағдай режимін бұзу (476-бап); терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында құқықтық режимді бұзу (477-бап); төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер (478-бап); құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау (479-бап); қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру (481-бап); жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы (482-бап); азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою, әкелу, әкету тәртібін бұзу (483-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу (484-бап); атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жаракат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану (485-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу (қайта тіркеу) не оны есепке қою тәртібін бұзу (486-бап); азаматтық қаруды, оның патрондарын өткізу үшін тапсырудан жалтару (487-бап); Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу (488-бап); Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландыру (489-бап); Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу (490-бап); паспорттарды, жеке куәліктерді заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау (494-бап); жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде</p> | Өрескел |

|    |   |         |
|----|---|---------|
|    | не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну (495-бап); Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңнамасын бұзу (496-бап); мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеудегі белгіленген талаптарды бұзу (504-бап); күзетілетін объектілерге заңсыз кіру (506-бап); сотты құрметтемеушілік (653-бап); әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жауаптылығы (654-бап); куәнің айғақтар беруден бас тартуы немесе жалтаруы (658-бап); куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе көрінеу дұрыс емес аударма (659-бап); прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу (665-бап); прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіру (667-бап); сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау (669-бап); сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау (670-бап); сот орындаушысына атқарушылық құжаттарды орындауға кедергі келтіру (673-бап); айырым белгілері және (немесе) нышаны бар әскери киім нысанын, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті заңсыз киіп жүру (пайдалану) (675-бап) қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған |         |
| 65 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жұмыстан босатылмаған  | Өрескел |
| 66 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан босатылмаған  | Өрескел |
| 67 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлерінде олардың жеке басын және жеке күзет ұйымына қатыстылығын растайтын құжаттардың болуы  | Елеулі  |
| 68 | Күзетшілердің жеке басын және олардың жеке күзет ұйымына тиесілігін растайтын құжаттың "Жеке күзет ұйымдарының күзетші құжатының нысаны мен үлгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 140 бұйрығымен белгіленген келесі талаптарға сәйкес келуі:<br>- куәліктің мұқабасы көк түсті теріден, лидериннен, винилді немесе белокроннан дайындалады;<br>- куәліктің ашылған түрдегі мөлшері 210 x 70 мм. болады;<br>- сыртында, бет жағында:<br><b>"КУӘЛІК УДОСТОВЕРЕНИЕ"</b> деген жазу болады;<br>- куәліктің ішкі жағына ақ түсті жапсырма қағаз жапсырылады;<br>- куәліктің жапсырмасы баспаханалық офсеттік тәсілмен орындалған;<br>- куәліктің жапсырмасы әр қайсысы 95 x 65 мм. екі жартыдан - сол және оң бөліктен тұрады;<br>- жапсырманың сол бөлігінде мөлшері 3,5 x 4,5 см. фото сурет жапсыруға арналған орын болады;<br>- куәлікті дайындау кезінде мемлекеттік рәміздерді пайдалануға тыйым салынады (оның ішінде сұтаңба белгілермен) куәліктердің саны және қорғалу дәрежесі Қазақстан Республикасы ІІМ-мен келісіледі   | Елеулі  |
| 69 | Жеке күзет ұйымында күзет қызметтерін көрсету туралы жазбаша шарттың болуы  | Болмашы |
| 70 | Жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымын атқаратын жұмыскердің міндетті сақтандырылғанын растайтын құжаттың болуы  | Өрескел |
|    | Жеке күзет ұйымы күзетшілерінің штат саны "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы  |         |

|    |  |         |
|----|--|---------|
| 71 | <p>Үкіметінің 2002 жылғы 5 сәуірдегі № 407 қаулысымен белгіленген келесі нормативтерге сәйкес келеді:</p> <p>1) стационарлық объектілерді күзету кезінде:<br/> - бір тәуліктік күзет постына 4,5 күзетшісі аспайтын штат күзет бірлігі;<br/> - он екі сағаттық бір күзет постына 2,25-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br/> - сегіз сағаттық бір күзет постына 1,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;<br/> - күзетілетін объектілерден түсетін шақыруларға қызмет көрсететін жеке күзет ұйымының бір тәуліктік ұтқыр тобына (жедел ден қою тобына) 13,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;</p> <p>2) магистральдық құбырларды күзету кезінде:<br/> - айланып өтетін жолдарды, жер бедерінің күрделілігін, трасса жолының бойын, елді мекендерден алыстықты, желілік бөлігін техникалық құралдармен қорғауды, ауданға төнетін қауіп пен криминалдық қауіп-қатерді талдауды ескере отырып, магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің 40 - 80 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ;<br/> - күзетілетін магистральді газ құбырының желілік бөлігі трассасының 100 - 160 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ бекітілсін;</p> <p>3) темір жол және автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктерді күзету кезінде күзетшілердің саны стационарлық объектілерді күзету үшін орнатылған нормативтер шегінде шарт талаптарымен белгіленеді</p>  | Өрескел |
| 72 | <p>Басшы және күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеген</p>   | Өрескел |
| 73 | <p><b>Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2017 № 112 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.03.2017 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен</b></p>  | Өрескел |
| 74 | <p>Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері Арнайы киімді киіп жүру келесі қағидаларын сақтайды:</p> <p>1. Күзетшілер, жүргізуші-күзетшілер арнайы киімді күзетілетін объектілерде, жүктерді алып жүру кезінде, жедел ден қоятын ұтқыр топтар құрамында қызмет өткеру кезінде киеді.</p> <p>2. Әйелдердің арнайы киімі тиісті киім пішімі ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы эскиз бойынша тігіледі.</p> <p>3. Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау бойынша қызметтер көрсету күзет қызметі субъектісіне тиесілігін айқындайтын арнайы киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.</p> <p>4. Тараптардың келісуі бойынша күзет қызметін көрсету кеңсе үй-жайларына арналған арнайы киіммен жүзеге асырылады. Жазғы уақытта күртесіз, жеңі қысқа көйлекпен қызмет атқаруға жол беріледі. Күртенің (көйлектің) сол жақ төс қалтасында күзет ұйымының атауы жазылған және логотипі бар бейдж бекітіледі. Бейдждің ортасына "КҮЗЕТ" деген жазу жазылады. Күзетшінің тегін және аты-жөнін немесе атын көрсетуге болады.</p> <p>5. Кеңсе үй-жайларын күзету бойынша қызмет көрсету бас киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.</p> <p>6. Сыртқы күзет орындарында қызмет өткеретін күзетшілер:<br/> - қыс мезгілінде ауаның температурасы төмендеген кезде-тондар (ішіктер) және аң терісінен тігілген унтылар киюге;<br/> - арнайы киімнің (күртенің) кеудесіне және арқасына жарық шағылыстыратын жолақтар тағуға болады.</p> <p>7. Жазғы уақытта күртесіз қысқа жең жейде және галстук немесе жейденің орнына футболка, шалбар және күрте киюге болады</p> | Елеулі  |
|    | <p>Жеке күзет ұйымы күзетшілерінің "Жеке күзет ұйымдарының күзетші лауазымындағы қызметкерлерінің арнайы киім үлгілерін және оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы" Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 142 бұйрығымен белгіленген келесі талаптарға сәйкес келетін арнайы киімінің болуы:</p> <p>1. Жазғы арнайы киім:</p>   |         |

- бейсболка немесе сұр түсті кепі;  
- сұр түсті күрте;  
- сұр түсті қыскартылған күрте;  
- көгілдір немесе ақ түсті жейде;  
- көгілдір немесе ақ түсті трикотаж футболка;  
- сұр түсті галстук;  
- сұр түсті, бітімінің төменгі жағы тарылған шалбар;  
- классикалық модельдегі немесе кара түсті арнайы аяқ киім.

2. Қысқы арнайы киім:  
- тоқылған, сұр немесе кара (жылы күртенің жағасымен түстес) түсті бөрік;  
- табиғи жақсартылған кой терісінен немесе сұр немесе кара (жылы, күртенің жағасымен түстес) түсті жасанды теріден жасалған құлақшын;  
- сұр түсті, табиғи жақсартылған кой терісінен немесе сұр немесе кара түсті жасанды теріден жасалған алынатын тері жағасы бар жылы күрте сұр түсті, жылы шалбарымен;  
- жылы, сұр түсті, қыскартылған, табиғи жақсартылған кой терісінен немесе сұр немесе кара түсті жасанды теріден жасалған алынатын тері жағасы бар күрте сұр түсті, жылы жартылай комбинезонымен;  
- көгілдір немесе ақ түсті жейде;  
- көгілдір немесе ақ түсті трикотаж футболка;  
- сұр түсті галстук;  
- классикалық модельдегі немесе арнайы кара түсті, жылы аяқ киім.

3. Кеңсе үй-жайларына арналған арнайы киім:  
- ерлерге арналған күңгірт түсті бір ілме өңірлі күрте;  
- төменгі жағы тарылтылған күңгірт түсті шалбар;  
- көгілдір немесе ақ түсті жейде;  
- күңгірт түсті галстук;  
- классикалық модельдегі кара түсті аяқ киім.

4. Омырау белгісі:  
- белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;  
- белгі негізінің түсі - сұр немесе көгілдір;  
- белгінің көлемі - 120x30 мм;  
- белгі жейделердің, жазғы және қысқы күртелердің сол жақ омырау қалтасының жоғары жағына тағылады;  
- белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.

5. Арқадағы белгі:  
- белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;  
- белгі жиегінің түсі - сұр немесе көгілдір;  
- белгінің көлемі - 280x80 мм;  
- белгі жазғы және қысқы күртелердің артқы жағына жапсырылады, белгінің жоғарғы жағы жауырын тігісі бойынша орналасады;  
- белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.

6. Жеңдегі белгі:  
- пішінін, түс гаммасын, материал және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;  
- белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;  
- белгі жейделердің, жазғы және қысқы күртелердің сол жеңінде иық тігісінен 120 мм төмен жапсырылады;  
- Қазақстан Республикасының Күзет ұйымдары қауымдастығы мүшелерінің қызметкерлері үшін корпоративтік белгісімен бірдей дайындалған Қауымдастықтың логотипі бар белгіні тағуға болады, Белгі жейденің, жазғы және қысқы күртелердің оң жеңіне, сол жеңдегі белгімен деңгейлес жапсырылады.

75

Өрескел



|    |   |         |
|----|---|---------|
| 7. | <p style="text-align: center;">Б а с к и і м д е р д е г і б е л г і л е р :</p> <p>- тоқымашылық жолымен әзірленген белгілерде немесе тез балқығыш металдан жасалған кокардаларда күзет ұйымының корпоративтік логотипі болады;</p> <p>- сопақша белгінің көлемі - көлденеңінен 70 мм, тігінен 40 мм;</p> <p>- дөңгелек белгінің диаметрі - 40 мм;</p> <p>- кокарданың көлемі: биіктігі - 60 мм, ені - 40 мм;</p> <p>- белгілер бас киімнің алдыңғы бөлігінің ортасына жапсырылады.</p> <p>8. Кеңсе үй-жайларына арналған киімдегі белгілер:</p> <p>- кеңсе үй-жайларына арналған киімнің жеңіне тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен белгі салынады және ол тозуға төзімді болуы тиіс;</p> <p>- пішінін, түс гаммасын, материалын және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;</p> <p>- белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;</p> <p>- белгі жейделердің және күртелердің сол жеңінде иық тігісінің 120 мм төмен жапсырылады</p> |         |
| 76 | <p>Ұлттық компанияның күзет ұйымына құрылтайшы құқығына болу Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін бақылауды жүзеге асыру жөнінде уәкілетті органның келісім-хаттың болуы</p>  | Өрескел |
| 77 | <p>Ұлттық компаниялар құрылтайшысы болатын күзет ұйымдарының үшінші тұлғаларға күзет қызметтерін көрсету фактісінің жоқтығы</p>   | Өрескел |
| 78 | <p>Заңды тұлғалардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының біруақытта біреуден аса күзет қызметімен айналысатын ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары және (немесе) меншік иелері болуға құқығы жоқ</p>  | Өрескел |
| 79 | <p>Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны болып табылмайды. Субъектінің құрылтайшысы (қатысушысы) үшін осы қызмет түрі – негізгі</p>   | Өрескел |
| 80 | <p>Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушылары) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін құрылтайшылар не болмаса ұйымның лауазымды адамдары болып табылмайды</p>   | Өрескел |
| 81 | <p>Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар азаматтар, сондай-ақ құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамында көрсетілген адамдар бар заңды тұлғалар болып табылмайды</p>  | Өрескел |
| 82 | <p>Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және олар аффилиирлеген заңды тұлғалар болып табылмайды</p>   | Өрескел |
| 83 | <p>Жеке күзет ұйымдарының құрылтайшылары (қатысушылары) қоғамдық бірлестіктер болып табылмайды</p>  | Өрескел |
| 84 | <p>Жеке күзет ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары) шетелдік заңды тұлғалар, шетелдің қатысуымен заңды тұлғалар, шетелдіктер, сондай-ақ азаматтығы жоқ не болмаса сенімгерлік басқаруында жеке күзет ұйымы бар адамдар болып табылмайды</p>  | Өрескел |
|    | <p>Жеке күзет ұйымының қызметтік қаруды пайдаланатын жағдайда қару мен оның патрондарды сақтауға арналған үй-жайы не болмаса белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайларда оларды сақтауға арналған шарттың болуы, ол мынадай талаптарға сай болуы т и і с :</p> <p>1) басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшау болуы керек, қабырғалары қалың, төбе жабулары мен едені берік болуы тиіс. Ішкі қабырғалары (қоршаулары) беріктігі жағынан арасына болат тор өткізілген, әрқайсысының қалыңдығы 80 мм қосарланған гипсобетонды панельдерге немесе металл тормен арматураланған, қалыңдығы кемінде 120 мм кірпіш қабырғаға тең болуы керек. Бұрын салынған ғимараттарда болат торлармен күшейтілген тақтай қоршаулар жасауға рұқсат етіледі;</p> <p>2) екі есігі болуы керек, бұл ретте сыртқысы - қаңылтырдың шеттері есіктің жақтауына қайтарылып, екі жағы мырышты болат қаңылтырмен сомдалған, қалыңдығы кемінде 40 мм бір қабат тақтайдан, ал ішкісі - болат тордан жасалады.</p>          |         |

|   |  |         |
|---|--|---------|
| 85  | <p>Сыртқы есік екі ішкі құлыппен жабылып, мөр немесе пломбы басылуы тиіс, ішкі торлы есік - ішкі немесе аспалы құлыппен жабылады. Қару-жарақ бөлмесі есігінің ойығы (есіктің қорабы) болат жиекпен жақтауланады. Бұрын салынған үй-жайларда көлемі 30x40 мм-ден, қалыңдығы 5 мм-ден кем болмайтын, қабырғаға диаметрі 10-12 мм арматуралы болат шегемен он жерден қағылған бұрыштама темірмен күшейтілген ағаш қораптарға рұқсат беріледі;</p> <p>3) үй-жайдың ішкі жағындағы терезе ойықтарында немесе жақтауларының арасында болат тор жүргізіледі. Бірінші қабатта орналасқан бөлмелерде терезелері ішкі жағынан металл немесе екі жағынан мырышты болатпен қапталған ағаш қақпақпен жабықталады. Торлардың ұшы қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке дейін қағылып және бетон құйып бекітіледі. Терезенің қақпақтары аспалы құлыппен жабылуы керек. Есік, терезе ойықтарына және қабырғаны нығайту үшін тартылатын торлар диаметрі кемінде 15 мм болат шыбықтан жасалады. Шыбықтардың тор көздері кемінде 150x150 мм-ден аспайтын аяқастырылып және керекерленеді;</p> <p>4) екі және одан көп күзет-өрт белгі беру құралдарымен жабықталады, ол электр қуатымен қамтамасыз ету қалқанына жасырын сым тарту арқылы орындалады, терезелерге, есіктерге, люктерге, қабырғаларға, төбеге, еденге қару мен патрондар сақталатын сейфтерді, шкафтарды ашқанда немесе бұзғанда, сондай-ақ бөлменің ішінде адам жүргенде іске қосылатын хабарлағыштар орнатылады. Бұл үй-жайлар кезекші бөлімдеріндегі шығарылатын жұмыс орындары бар оператор-фирмалардың ішкі істер органдары күзет бөлімшелерінің күзетуіне беріліп, белгіленген тәртіппен белгі беру құралдарының орталықтандырылған бақылау пультіне қосылады. Күзету белгі беру құралдарының шлейфін темірбетонды және бетонды құрылыс конструкциялары бойынша тек қана бөлме ішінде құбырмен жүргізуге рұқсат етіледі;</p> <p>5) желдеткіш терезе, люк болған жағдайда, оларға бұл жүйелер арқылы өту мүмкіндігін болдырмайтын көлемі 100x100 мм-ден аспайтын тор көздері бар болат тор орнатылады. Инженерлік желілерді тартуға арналған қабырғалардағы тесіктердің диаметрі 200 мм-ден аспайтын керек;</p> <p>6) қару мен патрондар сақтайтын бөлмеде өртке қарсы құралдар, мүліктердің тізімдемесі болуы тиіс, онда шкафтардың, металл жәшіктердің саны, олардың нөмірлері және қандай мөр басылғаны көрсетіледі;</p> <p>7) қару мен оның патрондары бар қару-жарақ бөлмесі және металл шкафтар (сейфтер) кілттерінің екі жинағы болуы тиіс. Кілттердің бір жинағы қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі - атына сақтау рұқсаты берілген ұйым басшысының мөрленген сауытында ұдайы сақталады.</p> <p>Қару-жарақ бөлмесінің, қару мен патрондар бар металл шкафтардың, сейфтердің кілттерін столдарда және бөгде адамдардың қолы жететін өзге де жерлерде қалдыруға тыйым салынады.</p> | Өрескел |
| 3. Тексерілетін субъектінің кінәсінен пайда болған жағымсыз оқиғалардың болуы |  |         |
| 86  | Тексерілетін субъектінің күзетшісіне, басшысына, құрылтайшысына (қатысушысына) немесе тексерілетін субъектінің өзіне қатысты қылмыстық іс қозғау   | Өрескел |
| 87  | Тексерілетін субъектінің күзетшісіне, басшысына, құрылтайшысына (қатысушысына) немесе тексерілетін субъектінің өзіне қатысты әкімшілік іс қозғау   | Өрескел |
| 88  | Тексерілетін субъект күзететін объектіде күзетті қамтамасыз етумен (күзет қызметтерін көрсетумен) тікелей байланысты құқық бұзушылық жасалды немесе төтенше жағдай болды   | Өрескел |
| 89  | Қызметтік қаруды, арнаулы құралдарды жою, жоғалту  | Өрескел |
| 4. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы:                                 |  |         |
| 90  | Жоспардан тыс тексеріс нәтижесі немесе бақылаудың өзге түрі арқылы жеке не болмаса заңды тұлғаның расталған шағымы немесе өтінішінің болуы   | Өрескел |
| 5. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдар мен жариялымдарды талдау:      |  |         |

|    |   |         |
|----|---|---------|
| 91 | Бұқаралық ақпарат құралдарында жеке күзет ұйымы көрсететін күзет қызметтерінің сапасы туралы расталған жағымсыз жариялымдар мен басылымдардың болуы | Болмашы |
| 92 | Жағымсыз оқиғаларды анықтай отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында расталған жағымсыз жариялымдар мен басылымдардың болуы                           | Елеулі  |

Күзет қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін және күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

**Жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары қызметінің тәуекел дәрежесін бағалауға көрсеткіштер**

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2017 № 112 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.03.2017 № 106 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

| №  | Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары   | Тәртіп бұзушылық дәрежесі |
|--|--|---------------------------|
| 1. Есептер мен мәліметтерге жүргізілген мониторинг нәтижелері: |  |                           |
| 1  | Ақпарат, есептер, мәліметтер ұсыну туралы сұрау салуда белгіленген мерзімді бұзу   | Елеулі                    |
| 2  | Сұрау салуға сәйкес ақпараттарды, есептерді, мәліметтерді ұсынбау немесе расталмаған ақпараттарды, есептерді, мәліметтерді ұсыну   | Өрескел                   |
| 3  | Сабақтар өткізуге арналған үй-жайдың болмауы   | Елеулі                    |
| 4  | Атыс даярлық бойынша сабақтар өткізуге арналған атыс тирінің болмауы; Заңды тұлғалар үшін – меншік құқығында; филиалдар үшін – меншік не болмаса жалға алу шарты құқығында   | Өрескел                   |
| 5  | Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларында көзделген арнайы және техникалық құралдардың болмауы  | Елеулі                    |
| 6  | Тиісті теориялық, практикалық білімдері және өзінің кәсіби құзыреті шегінде оқыту дағдылары бар оқытушылардың және күзет қызметі саласында жұмыс тәжірибесі бар оқыту процесіне тартылатын мамандардың болмауы (оқу және еңбек қызметін растайтын құжаттар көшірмелері (еңбек кітапшасы; немесе тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты; немесе еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер; немесе жұмыс беруші қол қойған, ұйымның | Елеулі                    |

|    |   |         |
|----|---|---------|
|    | мөрімен расталған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) (болған кезде); немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама))  |         |
| 7  | Жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының (бұдан әрі - МОО) және олардың филиалдарының құрылтайшыларында (қатысушылары), басшыларында психикалық ауруы, маскүнемдік немесе нашакорлық бойынша денсаулық сақтау органдарының есебінде тұратынын растайтын медициналық құжаттың болуы  | Өрескел |
| 8  | МОО және олардың филиалдарының құрылтайшыларында (қатысушылары), басшыларында қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар  | Өрескел |
| 9  | Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары бола алады  | Өрескел |
| 10 | Оларға қатысты күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шыққан немесе күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылмаған адамдар МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары бола алады  | Өрескел |
|    | Жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген: террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау (149-бап); ұсақ бұзақылық (434-бап); елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану (436-бап); арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру (438-бап); сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат (439-бап); алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу (440-бап); қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау (443-бап); көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну (450-бап); бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (453-бап); мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау (462-бап); тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру (463-бап); лицензиялау нормаларын бұзу (464-бап); лицензияға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармау (467-бап); күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу (469-бап); Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу (470-бап); төтенше жағдай режимін бұзу (476-бап); терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында құқықтық режимді бұзу (477-бап); төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер (478-бап); құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау (479-бап); қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру (481-бап); жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы (482-бап); азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды |         |

|    |  |         |
|----|--|---------|
|    | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген: террористік тұрғыдан осал  |  |  |  |  |



объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау (149-бап); ұсақ бұзақылық (434-бап); елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану (436-бап); арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру (438-бап); сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат (439-бап); алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу (440-бап); қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау (443-бап); көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну (450-бап); бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (453-бап); мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау (462-бап); тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру (463-бап); лицензиялау нормаларын бұзу (464-бап); лицензияға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармау (467-бап); күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу (469-бап); Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу (470-бап); төтенше жағдай режимін бұзу (476-бап); терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында құқықтық режимді бұзу (477-бап); төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер (478-бап); құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау (479-бап); қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру (481-бап); жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы (482-бап); азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою, әкелу, әкету тәртібін бұзу (483-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу (484-бап); атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану (485-бап); азаматтық,

|   |  |  |  |
|---|--|--|--|
| <p>қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу (қайта тіркеу) не оны есепке қою тәртібін бұзу (486-бап); азаматтық қаруды, оның патрондарын өткізу үшін тапсырудан жалтару (487-бап); Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу (488-бап); Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландыру (489-бап); Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу (490-бап); паспорттарды, жеке куәліктерді заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау (494-бап); жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну (495-бап); Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңнамасын бұзу (496-бап); мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеудегі белгіленген талаптарды бұзу (504-бап); күзетілетін объектілерге заңсыз кіру (506-бап); сотты құрметтемеушілік (653-бап); әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жауаптылығы (654-бап); куәнің айғақтар беруден бас тартуы немесе жалтаруы (658-бап); куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе көрінеу дұрыс емес аударма (659-бап); прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу (665-бап); прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіру (667-бап); сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау (669-бап); сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау (670-бап); сот орындаушысына атқарушылық құжаттарды орындауға кедергі келтіру (673-бап); айырым белгілері және (немесе) нышаны бар әскери киім нысанын, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті заңсыз киіп жүру (пайдалану) (675-бап) қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған</p> |  |  |  |
| <p>22 Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жұмыстан босатылмаған</p>  |  |  |  |
| <p>Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері кемінде үш жыл бұрын теріс себептер</p>  |  |  |  |

|    |  |  |  |  |  |
|----|--|--|--|--|--|
| 23 | бойынша жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан босатылмаған   |  |  |  |  |
| 24 | Күзетшілер лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлерінде олардың жеке басын және жеке күзет ұйымына қатыстылығын растайтын құжаттардың болуы   |  |  |  |  |
| 25 | <p>Күзетшілердің жеке басын және олардың жеке күзет ұйымына тиесілігін растайтын құжаттың "Жеке күзет ұйымдарының күзетші құжатының нысаны мен үлгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 140 бұйрығымен белгіленген келесі талаптарға сәйкес келуі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- куәліктің мұқабасы көк түсті теріден, лидериннен, винилді немесе белокроннан дайындалады;</li> <li>- куәліктің ашылған түрдегі мөлшері 210 x 70 мм. болады;</li> <li>- сыртында, бет жағында:</li> </ul> <p><b>"КУӘЛІК УДОСТОВЕРЕНИЕ"</b></p> <p>деген жазу болады;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- куәліктің ішкі жағына ақ түсті жапсырма қағаз жапсырылады;</li> <li>- куәліктің жапсырмасы баспаханалық офсеттік тәсілмен орындалған;</li> <li>- куәліктің жапсырмасы әр қайсысы 95 x 65 мм. екі жартыдан - сол және оң бөліктен тұрады;</li> <li>- жапсырманың сол бөлігінде мөлшері 3,5 x 4,5 см. фото сурет жапсыруға арналған орын болады;</li> <li>- куәлікті дайындау кезінде мемлекеттік рәміздерді пайдалануға тыйым салынады (оның ішінде сутаңба белгілермен) куәліктердің саны және қорғалу дәрежесі Қазақстан Республикасы ПМ-мен келісіледі</li> </ul> |  |  |  |  |
| 26 | Жеке күзет ұйымында күзет қызметтерін көрсету туралы жазбаша шарттың болуы   |  |  |  |  |
| 27 | Жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымын атқаратын жұмыскердің міндетті сақтандырылғанын растайтын құжаттың болуы   |  |  |  |  |
| 28 | <p>Жеке күзет ұйымы күзетшілерінің штат саны "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 сәуірдегі № 407 қаулысымен белгіленген келесі нормативтерге сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) стационарлық объектілерді күзету кезінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>- бір тәуліктік күзет постына 4,5 күзетшісі аспайтын штат күзет бірлігі;</li> <li>- он екі сағаттық бір күзет постына 2,25-тен аспайтын штат күзет бірлігі;</li> <li>- сегіз сағаттық бір күзет постына 1,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;</li> <li>- күзетілетін объектілерден түсетін шақыруларға қызмет көрсететін жеке күзет ұйымының бір тәуліктік ұтқыр тобына (жедел ден қою тобына) 13,5-тен аспайтын штат күзет бірлігі;</li> </ul> </li> <li>2) магистральдық құбырларды күзету кезінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>- айланып өтетін жолдарды, жер бедерінің күрделілігін, трасса жолының бойын, елді мекендерден алыстықты,</li> </ul> </li> </ol>  |  |  |  |  |

|   |  |  |  |
|---|--|--|--|
| <p>желілік бөлігін техникалық құралдармен қорғауды, ауданға төнетін қауіп пен криминалдық қауіп-қатерді талдауды ескере отырып, магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігінің 40 - 80 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ;<br/> - күзетілетін магистральді газ құбырының желілік бөлігі трассасының 100 - 160 километріне бір тәуліктік ұтқыр топ<br/> б е к і т і л с і н ;</p> <p>3) темір жол және автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктерді күзету кезінде күзетшілердің саны стационарлық объектілерді күзету үшін орнатылған нормативтер шегінде шарт талаптарымен белгіленеді</p>   |  |  |  |
| <p>29) Басшы және күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеген</p>  |  |  |  |
| <p>Жеке күзет ұйымы күзетшілерінің "Жеке күзет ұйымдарының күзетші лауазымындағы қызметкерлерінің арнайы киім үлгілерін және оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы" Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 142 бұйрығымен белгіленген келесі талаптарға сәйкес келетін арнайы киімінің болуы:</p> <p>1. Жазғы арнайы киім:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бейсболка немесе сұр түсті кепи;</li> <li>- сұр түсті күрте;</li> <li>- сұр түсті қысқартылған күрте;</li> <li>- көгілдір немесе ақ түсті жейде;</li> <li>- көгілдір немесе ақ түсті трикотаж футболка;</li> <li>- сұр түсті галстук;</li> <li>- сұр түсті, бітімінің төменгі жағы тарылған шалбар;</li> <li>- классикалық модельдегі немесе қара түсті арнайы аяқ киім.</li> </ul> <p>2. Қысқы арнайы киім:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тоқылған, сұр немесе қара (жылы күртенің жағасымен түстес) түсті бөрік;</li> <li>- табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара (жылы; күртенің жағасымен түстес) түсті жасанды теріден жасалған құлақшын;</li> <li>- сұр түсті, табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара түсті жасанды теріден жасалған алынатын тері жағасы бар жылы күрте сұр түсті, жылы шалбарымен;</li> <li>- жылы, сұр түсті, қысқартылған, табиғи жақсартылған қой терісінен немесе сұр немесе қара түсті жасанды теріден жасалған алынатын тері жағасы бар күрте сұр түсті, жылы жартылай комбинезонымен;</li> <li>- көгілдір немесе ақ түсті жейде;</li> <li>- көгілдір немесе ақ түсті трикотаж футболка;</li> <li>- сұр түсті галстук;</li> <li>- классикалық модельдегі немесе арнайы қара түсті, жылы аяқ киім.</li> </ul> <p>3. Кеңсе үй-жайларына арналған арнайы киім:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ерлерге арналған күңгірт түсті бір ілме өңірлі күрте;</li> <li>- төменгі жағы тарылтылған күңгірт түсті шалбар;</li> <li>- көгілдір немесе ақ түсті жейде;</li> <li>- күңгірт түсті галстук;</li> <li>- классикалық модельдегі қара түсті аяқ киім.</li> </ul> <p>4. Омырау белгісі:</p> |  |  |  |

30

- белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;  
- белгі негізінің түсі - сұр немесе көгілдір;  
- белгінің көлемі - 120x30 мм;  
- белгі жейделердің, жазғы және қысқы күртелердің сол жақ омырау қалтасының жоғары жағына тағылады;  
- белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.

5. Арқадағы белгі:  
- белгінің пішіні тікбұрышты, периметрі бойынша сары түсті жиегі және "КҮЗЕТ" деген сары түсті жазуы бар;  
- белгі жиегінің түсі - сұр немесе көгілдір;  
- белгінің көлемі - 280x80 мм;  
- белгі жазғы және қысқы күртелердің артқы жағына жапсырылады, белгінің жоғарғы жағы жауырын тігісі бойынша орналасады;  
- белгі тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен әзірленеді және тозуға төзімді болуы тиіс.

6. Жеңдегі белгі:  
- пішінін, түс гаммасын, материал және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;  
- белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;  
- белгі жейделердің, жазғы және қысқы күртелердің сол жеңінде иық тігісінен 120 мм төмен жапсырылады;  
- Қазақстан Республикасының Күзет ұйымдары қауымдастығы мүшелерінің қызметкерлері үшін корпоративтік белгісімен бірдей дайындалған Қауымдастықтың логотипі бар белгіні тағуға болады, Белгі жейденің, жазғы және қысқы күртелердің оң жеңіне, сол жеңдегі белгімен деңгейлес жапсырылады.

7. Бас киімдердегі белгілер:  
- тоқымашылық жолымен әзірленген белгілерде немесе тез балқығыш металдан жасалған кокардаларда күзет ұйымының корпоративтік логотипі болады;  
- сопақша белгінің көлемі - көлденеңінен 70 мм, тігінен 40 мм ;  
- дөңгелек белгінің диаметрі - 40 мм;  
- кокарданың көлемі: биіктігі - 60 мм, ені - 40 мм;  
- белгілер бас киімнің алдыңғы бөлігінің ортасына жапсырылады.

8. Кеңсе үй-жайларына арналған киімдегі белгілер:  
- кеңсе үй-жайларына арналған киімнің жеңіне тоқымашылық, кестелеу, жібекпен тігу, термотрансфер жолымен белгі салынады және ол тозуға төзімді болуы тиіс;  
- пішінін, түс гаммасын, материалын және дайындау тәсілін жеке күзет ұйымы белгілейді;  
- белгіде корпоративтік логотип және жеке күзет ұйымының атауы бейнеленеді;  
- белгі жейделердің және күртелердің сол жеңінде иық тігісінің 120 мм төмен жапсырылады

|    |   |  |  |  |  |
|----|---|--|--|--|--|
|    | <p>Күзетші лауазымын атқаратын жеке күзет ұйымының жұмыскерлері Арнайы киімді киіп жүру келесі қағидаларын с а қ т а й д ы :</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Күзетшілер, жүргізуші-күзетшілер арнайы киімді күзетілетін объектілерде, жүктерді алып жүру кезінде, жеделден қоятын ұтқыр топтар құрамында қызмет өткеру кезінде к и е д і .</li> <li>2. Әйелдердің арнайы киімі тиісті киім пішімі ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы эскиз бойынша т і г і л е д і .</li> <li>3. Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау бойынша қызметтер көрсету күзет қызметі субъектісіне тиесілігін айқындайтын арнайы киімсіз жүзеге асырылуы м ү м к і н .</li> <li>31 4. Тараптардың келісуі бойынша күзет қызметін көрсету кеңсе үй-жайларына арналған арнайы киіммен жүзеге асырылады. Жазғы уақытта күртесіз, жеңі қысқа көйлекпен қызмет атқаруға жол беріледі. Күртенің (көйлектің) сол жақ төс қалтасында күзет ұйымының атауы жазылған және логотипі бар бейдж бекітіледі. Бейждің ортасына "КҮЗЕТ" деген жазу жазылады. Күзетшінің тегін және аты-жөнін немесе атын көрсетуге болады.</li> <li>5. Кеңсе үй-жайларын күзету бойынша қызмет көрсету бас киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.</li> <li>6. Сыртқы күзет орындарында қызмет өткеретін күзетшілер: <ul style="list-style-type: none"> <li>- қыс мезгілінде ауаның температурасы төмендеген кезде - тондар (ішкітер) және аң терісінен тігілген унтылар киюге;</li> <li>- арнайы киімнің (күртенің) кеудесіне және арқасына жарық шағылыстыратын жолақтар тағуға болады.</li> </ul> </li> <li>7. Жазғы уақытта күртесіз қысқа жең жейде және галстук немесе жейденің орнына футболка, шалбар және күрте киюге болады</li> </ol> |  |  |  |  |
| 32 | <p>Ұлттық компанияның күзет ұйымына құрылтайшы құқығына болу Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін бақылауды жүзеге асыру жөнінде уәкілетті органның келісім-хаттың болуы</p>  |  |  |  |  |
| 33 | <p>Ұлттық компаниялар құрылтайшысы болатын күзет ұйымдарының үшінші тұлғаларға күзет қызметтерін көрсету фактісінің жоқтығы</p>   |  |  |  |  |
| 34 | <p>Заңды тұлғалардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының біруақытта біреуден аса күзет қызметімен айналысатын ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары және (немесе) меншік иелері болуға құқығы жоқ</p>  |  |  |  |  |
| 35 | <p>Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны болып табылмайды. Субъектінің құрылтайшысы (қатысушысы) үшін осы қызмет түрі – негізгі болуы тиіс</p>  |  |  |  |  |
| 36 | <p>Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушылары) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін құрылтайшылар не болмаса ұйымның лауазымды адамдары болып табылмайды</p>   |  |  |  |  |

|    |  |  |  |  |  |
|----|--|--|--|--|--|
| 37 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар азаматтар, сондай-ақ құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамында көрсетілген адамдар бар заңды тұлғалар болып табылмайды  |  |  |  |  |
| 38 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және олар аффилиирлеген заңды тұлғалар болып табылмайды   |  |  |  |  |
| 39 | Жеке күзет ұйымдарының құрылтайшылары (қатысушылары) қоғамдық бірлестіктер болып табылмайды  |  |  |  |  |
| 40 | Жеке күзет ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары) шетелдік заңды тұлғалар, шетелдің қатысуымен заңды тұлғалар, шетелдіктер, сондай-ақ азаматтығы жоқ не болмаса сенімгерлік басқаруында жеке күзет ұйымы бар адамдар болып табылмайды  |  |  |  |  |
| 41 | <p>Жеке күзет ұйымының қызметтік қаруды пайдаланатын жағдайда қару мен оның патрондарды сақтауға арналған үй-жайы не болмаса белгіленген талаптарға жауап беретін үй-жайларда оларды сақтауға арналған шарттың болуы, ол мынадай талаптарға сай болуы тиіс:</p> <p>1) басқа қосалқы, қызметтік үй-жайлардан оқшау болуы керек, қабырғалары қалың, төбе жабулары мен едені берік болуы тиіс. Ішкі қабырғалары (қоршаулары) беріктігі жағынан арасына болат тор өткізілген, әрқайсысының қалыңдығы 80 мм қосарланған гипсобетонды панельдерге немесе металл тормен арматураланған, қалыңдығы кемінде 120 мм кірпіш қабырғаға тең болуы керек. Бұрын салынған ғимараттарда болат торлармен күшейтілген тақтай қоршаулар жасауға рұқсат етіледі;</p> <p>2) екі есігі болуы керек, бұл ретте сыртқысы - қаңылтырдың шеттері есіктің жақтауына қайтарылып, екі жағы мырышты болат қаңылтырмен сомдалған, қалыңдығы кемінде 40 мм бір қабат тақтайдан, ал ішкісі - болат тордан жасалады. Сыртқы есік екі ішкі құлыппен жабылып, мөр немесе пломбы басылуы тиіс, ішкі торлы есік - ішкі немесе аспалы құлыппен жабылады.</p> <p>Қару-жарақ бөлмесі есігінің ойығы (есіктің қорабы) болат жиекпен жақтауланады. Бұрын салынған үй-жайларда көлемі 30x40 мм-ден, қалыңдығы 5 мм-ден кем болмайтын, қабырғаға диаметрі 10-12 мм арматуралы болат шегемен он жерден қағылған бұрыштама темірмен күшейтілген ағаш қораптарға рұқсат беріледі;</p> <p>3) үй-жайдың ішкі жағындағы терезе ойықтарында немесе жақтауларының арасында болат тор жүргізіледі. Бірінші қабатта орналасқан бөлмелерде терезелері ішкі жағынан металл немесе екі жағынан мырышты болатпен қапталған ағаш қақпақпен жабықталады. Торлардың ұшы қабырғаға кемінде 80 мм тереңдікке дейін қағылып және бетон құйып бекітіледі. Терезенің қақпақтары аспалы құлыппен жабылуы керек.</p> <p>Есік, терезе ойықтарына және қабырғаны нығайту үшін тартылатын торлар диаметрі кемінде 15 мм болат шыбықтан жасалады. Шыбықтардың тор көздері кемінде 150x150</p> |  |  |  |  |

мм-ден айқастырылып дәнекерленеді;

4) екі және одан көп күзет-өрт белгі беру құралдарымен жабдыкталады, ол электр қуатымен қамтамасыз ету қалқанына жасырын сым тарту арқылы орындалады, терезелерге, есіктерге, люктерге, қабырғаларға, төбеге, еденге қару мен патрондар сақталатын сейфтерді, шкафтарды ашқанда немесе бұзғанда, сондай-ақ бөлменің ішінде адам жүргенде іске қосылатын хабарлағыштар орнатылады. Бұл үй-жайлар кезекші бөлімдеріндегі шығарылатын жұмыс орындары бар оператор-фирмалардың ішкі істер органдары күзет бөлімшелерінің күзетуіне беріліп, белгіленген тәртіппен белгі беру құралдарының орталықтандырылған бақылау пультіне қосылады. Күзету белгі беру құралдарының шлейфін темірбетонды және бетонды құрылыс конструкциялары бойынша тек қана бөлме ішінде құбырмен жүргізуге рұқсат етіледі;

5) желдеткіш терезе, люк болған жағдайда, оларға бұл жүйелер арқылы өту мүмкіндігін болдырмайтын көлемі 100x100 мм-ден аспайтын тор көздері бар болат тор орнатылады. Инженерлік желілерді тартуға арналған қабырғалардағы тесіктердің диаметрі 200 мм-ден аспауы к е р е к ;

6) қару мен патрондар сақтайтын бөлмеде өртке қарсы құралдар, мүліктердің тізімдемесі болуы тиіс, онда шкафтардың, металл жәшіктердің саны, олардың нөмірлері және қандай мөр басылғаны көрсетіледі;

7) қару мен оның патрондары бар қару-жарақ бөлмесі және металл шкафтар (сейфтер) кілттерінің екі жинағы болуы тиіс .

Кілттердің бір жинағы қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамда, екіншісі - атына сақтау рұқсаты берілген ұйым басшысының мөрленген сауытында ұдайы сақталады. Қару-жарақ бөлмесінің, қару мен патрондар бар металл шкафтардың, сейфтердің кілттерін столдарда және бөгде адамдардың қолы жететін өзге де жерлерде қалдыруға тыйым салынады.

Лауазымды адам (дар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Тексерілетін субъектінің басшысы

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Ескертпе:

\* Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы алынатын мәліметтер.



Нысан

**Жеке кәсіпкерлік саласындағы жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін, жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметімен айналысатын заңды тұлғаларға қатысты тексеру парағы**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2017 № 112 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.03.2017 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексерісті тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексерісті тағайындау туралы акті \_\_\_\_\_  
(күні, №)

Тексерілетін субъектінің атауы \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің ЖСН, БСН \_\_\_\_\_

Орналасқан орнының мекенжайы \_\_\_\_\_

| № | Талаптардың тізбесі  | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|--|---------------|-----------------|--------------------------|----------------------------|
| 1 | 2  | 3             | 4               | 5                        | 6                          |
| 1 | Сабақтар өткізуге арналған үй-жайдың болуы   |               |                 |                          |                            |
| 2 | Атыс даярлығы бойынша сабақтар өткізуге арналған атыс т и р і н і н б о л у ы :<br>заңды тұлғалар үшін – меншік құқығында;<br>филиалдар үшін – меншік не болмаса жалға алу шарты құқығында                                   |               |                 |                          |                            |
| 3 | Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларында көзделген арнайы және техникалық құралдардың болуы  |               |                 |                          |                            |
|   | Тиісті теориялық, практикалық білімдері және өзінің кәсіби құзыреті шегінде оқыту дағдылары бар оқытушылардың және күзет қызметі саласында жұмыс тәжірибесі бар оқыту процесіне тартылатын мамандардың болуы (оқу және еңбек |               |                 |                          |                            |

|        |  |  |  |  |  |
|--------|--|--|--|--|--|
| 4      | <p>қызметін растайтын құжаттар көшірмелері (еңбек кітапшасы ; немесе тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты; немесе еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер; немесе жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен расталған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) (болған кезде); немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама))</p>   |  |  |  |  |
| 5      | <p>Жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының (бұдан әрі - МОО) және олардың филиалдарының құрылтайшыларында (қатысушылары), басшыларында психикалық ауруы, маскүнемдік немесе нашақорлық бойынша денсаулық сақтау органдарының есебінде тұрмайтынын растайтын медициналық құжаттың болуы</p>   |  |  |  |  |
| 6<br>* | <p>МОО және олардың филиалдарының құрылтайшыларында (қатысушылары), басшыларында қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ</p>  |  |  |  |  |
| 7<br>* | <p>Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары бола алмайды</p>   |  |  |  |  |
| 8<br>* | <p>Оларға қатысты лауазымға қабылданғанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шыққан немесе лауазымға қабылданғанға дейін бір жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адамдар МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары бола алмайды</p>   |  |  |  |  |
|        | <p>МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары лауазымға қабылданғанға дейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген: террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және қауіпсіздігінің тиісті деңгейін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау (149-бап); ұсақ бұзақылық (434-бап); елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық, лақтырылатын және электрлі қарудан оқ ату, пиротехникалық бұйымдарды қолдану (436-бап); арнаулы қызметтерді көрінеу жалған шақыру (438-бап); сыбайлас</p> |  |  |  |  |

жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат (439-бап); алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу (440-бап); қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау (443-бап); көрінеу жезөкшелікпен айналысу немесе жеңгетайлық үшін үй-жайлар ұсыну (450-бап); бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сол сияқты өзге де өнімді Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (453-бап); мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіру, қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамау (462-бап); тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру (463-бап); лицензиялау нормаларын бұзу (464-бап); лицензияға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайтармау (467-бап); күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу (469-бап); Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасын бұзу (470-бап); төтенше жағдай режимін бұзу (476-бап); терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында құқықтық режимді бұзу (477-бап); төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер (478-бап); құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабарламау (479-бап); қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру (481-бап); жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруді, өткізуді, сақтауы, алып жүруді, тасымалдауы (482-бап); азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, олармен сауда жасау, оларды жою, әкелу, әкету тәртібін бұзу (483-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу (484-бап); атыс, ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар газды қаруды, пневматикалық, лактырылатын және электрлі қаруды құқыққа сыйымсыз қолдану (485-бап); азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды тіркеу (қайта тіркеу) не оны есепке қою тәртібін бұзу (486-бап); азаматтық қаруды, оның патрондарын өткізу үшін тапсырудан жалтару (487-бап); Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу (488-бап); Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы

|    |  |  |  |  |  |
|----|--|--|--|--|--|
|    | <p>заңнамасын бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландыру (489-бап); Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзу (490-бап); паспорттарды, жеке куәліктерді заңсыз алып қою немесе оларды кепілге қабылдау (494-бап); жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну (495-бап); Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңнамасын бұзу (496-бап); мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеудегі белгіленген талаптарды бұзу (504-бап); күзетілетін объектілерге заңсыз кіру (506-бап); сотты құрметтемеушілік (653-бап); әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жауаптылығы (654-бап); куәнің айғақтар беруден бас тартуы немесе жалтаруы (658-бап); куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе көрінеу дұрыс емес аударма (659-бап); прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келмеу (665-бап); прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіру (667-бап); сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау (669-бап); сот орындаушысының, сот приставының қаулысын және өзге де заңды талабын орындамау (670-бап); сот орындаушысына атқарушылық құжаттарды орындауға кедергі келтіру (673-бап); айырым белгілері және (немесе) нышаны бар әскери киім нысанын, сондай-ақ нысанды киім мен арнаулы киім-кешекті заңсыз киіп жүру (пайдалану) (675-бап) қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін бұрын әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған</p> |  |  |  |  |
| 10 | <p>Кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жұмыстан босатылған адамдар МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары бола алмайды</p>   |  |  |  |  |
| 11 | <p>Кемінде үш жыл бұрын теріс себептер бойынша жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымынан босатылған адамдар МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары бола алмайды</p>   |  |  |  |  |
| 12 | <p>Шетелдік заңды тұлғалар, шетелдің қатысуымен заңды тұлғалар, шетелдіктер, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар МОО және олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары бола алмайды</p>   |  |  |  |  |
|    |  |  |  |  |  |

|    |   |  |  |  |  |
|----|---|--|--|--|--|
| 13 | <p>Қызметтік қару мен оның патрондарының "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Үкіметтің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен белгіленген келесі түрлерге, типтерге, модельдерге және санға сәйкес келуі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Ойықты ұзын ұңғылы қарудың 5 бірліктері;</li> <li>2) Ойықты қысқа ұңғылы қарудың 10 бірліктері;</li> <li>3) Тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы қарудың 7 бірліктері;</li> <li>4) Тегіс ұңғылы қысқа ұңғылы қарудың 7 бірліктері;</li> <li>5) Ұңғысыз жарақат салатын қарудың 5 бірліктері;</li> <li>6) Электр қарудың 5 бірліктері.</li> </ol> <p>Оқ-дәрілердің нормалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жеке күзет ұйымдарының күзетшілерін, басшыларын оқыту - оқитын қызметкерге әрбір қарудың түріне 18 патрон ;</li> <li>- жеке адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауды жүзеге асыратын күзетшілерді оқыту - оқитын қызметкерге барлық курс ішінде 500 патрон ;</li> <li>- азаматтық аңшылық қару мен өзін-өзі қорғау қаруының иелерін оқытуға - бір азаматтық қару иесіне 20 патрон ;</li> <li>- қарудың атуын тексеру - бір бірлік қаруға 8 патрон есебінен белгіленеді</li> </ul> |  |  |  |  |
|----|---|--|--|--|--|

Лауазымды адам (дар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Тексерілетін субъектінің басшысы

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Ескертпе:

\* Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы алынатын мәліметтер.

Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика министрінің  
 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 1  
 және Қазақстан Республикасы  
 Ішкі істер министрінің  
 2015 жылғы 11 желтоқсандағы  
 № 1018 бірлескен бұйрығына  
 4-қосымша

Нысан

**Жеке кәсіпкерлік саласындағы күзет сигнализациясы құралдарын  
 монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі**

**қызметті, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға қатысты тексеру парағы**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.02.2017 № 112 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.03.2017 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **бірлескен бұйрығымен.**

Тексерісті тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексерісті тағайындау туралы акті \_\_\_\_\_  
(күні, №)

Тексерілетін субъектінің атауы \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің ЖСН, БСН \_\_\_\_\_

Орналасқан орнының мекенжайы \_\_\_\_\_

| №                   | Талаптардың тізбесі   | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---------------------|---|---------------|-----------------|--------------------------|----------------------------|
| 1                   | 2   | 3             | 4               | 5                        | 6                          |
| Заңды тұлғалар үшін |   |               |                 |                          |                            |
| 1                   | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүргізетін маманында (бұдан әрі – субъект) жұмыс саласына сәйкес келетін жоғары немесе орта техникалық білімін растайтын құжаттың болуы |               |                 |                          |                            |
| 2                   | Субъектінің күзет сигнализациясы құралдарын ретке келтіруді, техникалық қызмет көрсетуді және жөнделетін жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған жабдықтары бар үй-жайының (немесе оны жалға алу шартының) болуы         |               |                 |                          |                            |
| 3                   | Субъект басшысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады  |               |                 |                          |                            |
| 4                   | Субъект басшысында психикалық ауруы бойынша денсаулық сақтау органдарының есебінде тұрмайтындығын растайтын медициналық құжаттың болуы  |               |                 |                          |                            |
| 5                   | Субъекті басшысының заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ  |               |                 |                          |                            |
| *                   | Субъект басшысы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде  |               |                 |                          |                            |

|                    |  |  |  |  |  |
|--------------------|--|--|--|--|--|
| 6<br>*             | көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бап бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдар бола алмайды  |  |  |  |  |
| 7                  | Субъект жұмыскерлері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады   |  |  |  |  |
| 8                  | Субъект жұмыскерлерінде психикалық ауруы бойынша денсаулық сақтау органдарының есебінде тұрмайтындығын растайтын медициналық құжаттың болуы  |  |  |  |  |
| 9<br>*             | Субъект жұмыскерлерінде заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ   |  |  |  |  |
| 10<br>*            | Субъект жұмыскерлері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдар бола алмайды |  |  |  |  |
| Жеке тұлғалар үшін |  |  |  |  |  |
| 11                 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетумен айналысатын жеке тұлғада жұмыс саласына сәйкес келетін жоғарғы немесе орта техникалық білімін растайтын құжаттың болуы   |  |  |  |  |
| 12                 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетумен айналысатын жеке тұлғаның күзет сигнализациясы құралдарын ретке келтіруді, техникалық қызмет көрсетуді және жөнделетін жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған жабдықтары бар үй-жайының (немесе оны жалға алу шартының) болуы                                    |  |  |  |  |
| 13                 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетумен айналысатын жеке тұлға Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады  |  |  |  |  |
| 14                 | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетумен айналысатын жеке тұлғада психикалық ауруы бойынша денсаулық сақтау органдарында есепте тұрмайтындығын растайтын медициналық құжаттың болуы   |  |  |  |  |
| 15<br>*            | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетумен айналысатын жеке тұлғаның заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ   |  |  |  |  |
|                    | Күзет сигнализациясы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетумен айналысатын жеке тұлға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі  |  |  |  |  |

|         |   |  |  |  |  |
|---------|---|--|--|--|--|
| 16<br>* | баптың тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегіндегі мерзім өткенге дейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдар бола алмайды |  |  |  |  |
|---------|---|--|--|--|--|

Лауазымды адам (дар) \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Тексерілетін субъектінің басшысы

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Ескертпе:

\* Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы алынатын мәліметтер.